

## Батыс Қазақстан облысының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін деректер есебінен шығару туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихат пен Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы 11 ақпандағы N 29-4 бірлескен шешімі. Батыс Қазақстан облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 6 наурызда N 2011.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 Заңдарына сәйкес және Ақжайық, Бөкейордасы, Жаңақала, Жәнібек, Сырым аудандары мәслихаттары мен әкімдерінің бірлескен шешімдерінің негізінде облыстық мәслихат пен Батыс Қазақстан облысы әкімдігі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Тұрғындарының көшіп кетуіне байланысты төмендегі елді мекендер таратылсын және деректер есебінен шығарылып тасталсын:

Ақжайық ауданы бойынша:

Ақсуат ауылдық округінің Қосауыз ауылы;

Қабыршақты ауылдық округінің Шымқұдық ауылы;

Бөкейордасы ауданы бойынша:

Саралжын ауылдық округінің Жаңа ауыл ауылы;

Жаңақала ауданы бойынша:

Мәстексай ауылдық округінің Екпінді ауылы;

Жаңажол ауылдық округінің Нәрік ауылы;

Пятимар ауылдық округінің Әлімбек ауылы;

Жәнібек ауданы бойынша:

Ақоба ауылдық округінің Мәнгүр ауылы және Жиёмбет ауылы;

Қамысты ауылдық округінің Бірінші Май ауылы;

Ұзынкөл ауылдық округінің Мұратсай ауылы;

Жақсыбай ауылдық округінің Құнаншапқан ауылы;

Талов ауылдық округінің Бірлік ауылы;

Сырым ауданы бойынша:

Қособа ауылдық округінің Қырымқожа ауылы;

Елтай ауылдық округінің Тінәлі ауылы және Батпақты ауылы;

Талдыбұлақ ауылдық округінің Аққұдық ауылы және Арайлы ауылы;

Алғабас ауылдық округінің Ақсай ауылы.

*Облмәслихат сессия төрағасы*

*Облыс әкімі*

*Облмәслихат хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК